

КЕЛІСІЛДІ:

Тасқала аудандық білім беру
бөлімінің басшысы: **А.К.Касимова**

БЕКІТЕМІН:

Мерей жалпы орта білім беретін
мектебінің директоры: **А.С.Дуйсенов**

«Жалпы орта білім беретін Мерей мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

МЕКТЕПТІ ДАМУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

2020-2025 жылдарға арналған



1	2
Бағдарламаның толық атауы	Мерей жалпы орта білім беретін мектебінің даму бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама)
Бағдарламаның негізгі әзірлемелері	- ҚР Конституциясы; - «Білім туралы» 27.07.2007 ж. № 319-III ҚР Заңы - «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 11.07.1997 ж. № 151 ҚР Заңы (05.05.2017 ж. жай-күй бойынша өзгертулермен және толықтырулармен); - Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта), (ҚР Үкіметінің 17.05.2013 ж. №499 Қаулысымен бекітілген) (07.04.2017 ж. жай-күй бойынша өзгертулермен және толықтырулармен); - ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (ҚР Үкіметінің 23.08.2012 ж. № 1080 қаулысымен бекітілген) (01.09.2017 ж. өзгертулермен және толықтырулармен); - ҚР-да бейіндік оқытудың даму тұжырымдамасы; - 20.11.1989 ж. Бала құқықтары туралы конвенция; - «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 08.08.2002 ж. № 345 ҚР Заңы; Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы)
Бағдарламаны әзірлеуші	Мерей жалпы орта білім беретін мектебінің педагогикалық ұжымының шығармашылық тобы: Дуйсенов А.С Г.Турганалиева ,Л.Избанова ,Әдістемелік бірлестік басшылары
Бағдарламаны орындаушылар	Мерей жалпы орта білім беретін мектебінің педагогикалық ұжымы
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері	2020-2025 жылдар
Қаржыландыру көлемі және көзі	Мектептің дамуына жыл сайын қаржы бөлу және ҚР тыйым салынбаған қаржыландыру көздері
Бағдарлама жетекшісі	Мерей жалпы орта білім беретін мектебінің директоры А.Дуйсенов

Бағдарламаның негізгі мақсаты	Білім алушылардың, мұғалімдер мен ата-аналардың сапалы білімге деген сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған Мерей жалпы орта білім беретін мектебінің инновациялық дамуды қамтамасыз ету үшін жағдай жасау
Бағдарламаның міндеттері	- Қоғамдағы өмірге бейімделген және кәсіптік қызметті саналы таңдауға және меңгеруге дайын зердесі жетілген және мәдени деңгейі жоғары тұлғаны қалыптастыру; - ғылым мен техника дамуының қазіргі кезеңіне сай білім деңгейін қамтамасыз ету; - білім алушылардың сұраныстары бойынша жаңа таңдау курстарын енгізу үшін мектеп компонентін кеңінен қолдану; - тұлғаның үйлесімді дамуына бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыру; - білім алушылардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар кешенін іске асыру; - инновациялық педагогикалық оқыту технологияларын енгізу; - білім сапасына жүргізілетін мониторингті жетілдіру; - педагог және басшы кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру; - білім беру құрылымы мен мазмұнын жаңартудың, білім беру бағдарламаларының іргелігі мен практикалық бағытын дамытудың тиімділігі мен жоғары сапасына қол жеткізу; - балалардың шығармашылық қабілеттіліктерін дамытуға ықпал ету; - дарынды балаларды анықтау мен қолдауға жағдай жасау, олардың тұлғалық өзін іс жүзінде таныту мен өзін өзі анықтауын қамтамасыз ету; - мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес білім мазмұнын түзету; - үздіксіз білім беру жүйесін дамыту, жоғары оқу орныдарымен ынтымақтастықты кеңейту; - білімнің вариативтілігінің есебінен оның сапасын арттыру және білім беру бағдарламасының аясында жеке білім беру бағыттарын құру
Күтілетін нәтижелер	Қалыптастыру және жасау - Бағдарламаның негізгі бағыттары бойынша нормативтік құжаттар кестесін, әдістемелік ұсынымдары; - Білім берудің жай-күйі мен нәтижелеріне мониторинг жүргізу жүйелерін; - Білім сапасы мен оқу деңгейінің өсуінің оң тенденцияларын; - Бағдарламаның жеті модуль идеясын апробациялау арқылы білім алушылардың оқу біліктерін; - Білім алушылардың қалалық, облыстық және республикалық зияткерлік-шығармашылық конкурстары жеңімпаздарының санын арттыру; - Балалардың зияткерлік, академиялық, шығармашылық, көшбасшылық, көркем, спорттық дарынын барынша жетілдіру; - Мектептің педагогтарының біліктілік санаттары мен педагогикалық шеберлігін барынша арттыру Іске асыру - Қосымша білім беру саласындағы тәрбие қызметін қолдау және сүйемелдеу бойынша іс-шаралар кешенін; инновациялық қызметті;

	- Мектептің (бұдан әрі – БҰ) инновациялық әлеуетін арттыру; Дарынды балалардың білімге деген тұлғалық сұраныстарын қанағаттандыруға жағдай жасауға бағытталған іс-шаралар кешенін әзірлеу Бастамашылық ету және қолдау - БҰ деңгейіндегі басқаруға жаппай қатысудың жаңа механизмдерін; Мерей жалпы орта білім беретін мектебінің базасындағы балалар бірлестігін қалыптастыру процесіне; ақпараттандыру процесіне. Жетілдіру - Мектептің материалдық базасын ; - Мектепті басқару жүйесін (Қамқоршылық кеңесінің жұмысын жетілдіру); - Білім алушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды, оқушы тұлғасының үйлесімді дамуын, жеке, сараланған, тұлғалық бағдарланған, деңгейлік оқыту тәсілдерін қамтамасыз етуші педагогикалық технологияларды білім беру үдерісіне кешенді түрде енгізу
Бағдарламаның орындалуын бақылау жүйесі	Мектептің педагогикалық кеңесінің мәжілісінде жылына бір рет «Мектептің даму бағдарламасын іске асыру барысы туралы» есеп тыңдалады. Мектеп директоры жыл сайын «Мектептің даму бағдарламасын іске асыру барысы туралы» көпшілік есеп дайындайды және оны жыл сайынғы ата-аналар конференциясында және мектептің сайтына жариялайды
Бағдарламаның аса маңызды көрсеткіштері (негізгі бақыланатын нәтижелер – сандық көрсеткіштер)	- Денсаулықты және салауатты өмір салтын қамтамасыз ету; «мектептік» сырқаттану деңгейін төмендету (көру мүшелерінің, суық тию ауруларының) - Кешенді сипаттағы дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру: - оқудың барлық сатысында сабақтастықты қамтамсыз ете отырып, оқу-тәрбие үдерісіне дамыта оқытуды белсенді түрде енгізу; - оқытудың жеке тәсілін қамтамасыз ету («Дарынды балалар» бағдарламасын және төмен оқу мүмкіндіктеріне ие оқушылармен жұмыс бағдарламасын іске асыру) - Білім алушылардың тәрбиелілік деңгейін қамтамасыз ету: - Білім алушыларға таңдау мүмкіндігін, бастамашылық пен шығармашылық тәуелсіздікті беретін қызмет түрлерінің бағыттарын арттыру; - Білім алушылардың мектептік және қалалық іс-шаралардағы жұмыс бастылығын арттыру; - Білім алушылардың тәрбиелілік деңгейіндегі өзгерістердің оң қарқыны - Мемлекеттік стандартқа сай базалық және қосымша білім беруді қамтамасыз ету: - Білім беру қызметтерін кеңейту (оқу жоспарының вариативтілігі); - Қосымша қызметтерді кеңейту;

	- Білім беру қызметтерінің сапасымен қанағаттанушылық деңгейін арттыру (оқушылар мен ата-аналар). 5. Үздіксіз білім алуды жалғастыруға және заманауи экономикалық жағдайда жұмыс істеуге дайындықты қамтамасыз ету; - бейіналды дайындық пен бейіндік оқытудың мектептік орталығын ашу; - бейіналды курстардың санын арттыру; - жаппай жалпы білім беретін мектеп жағдайында көпбейінді жүйені жетілдіру; - мектептегі тереңдетілген сыныптар санын арттыру; - мектеп түлектерінің білімін жалғастыруға дайындық деңгейін арттыру 6. Отбасы мен қоғамда өмір сүруге дайындықты қалыптастыруға жағдай жасау. Көрсеткіштерді арттыру - Оқушылардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуін; - Отбасылық тәрбие құндылықтарын; - Мектепті өзіндік басқаруға қатысуын 7. Білім алушылардың жеке сұраныстары мен оқу мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру қызметтерін қамтамасыз ету: - Жоғары оқу мүмкіндіктеріне ие оқушыларға арналған жеке білім беру бағыттарының болуы; - Дарындылық белгілеріне ие балаларды қамтуды арттыру және олардың аудандық және облыстық конкурстар мен іс-шараларға қатысуы; - Білім алушыларға арналған олимпиадалық қозғалыс географиясын кеңейту; - Оқу мүмкіндіктері төмен білім алушылармен жұмыс жүйесін құру 8. Материалдық-техникалық базаны нығайту
--	--

Мерей жалпы орта білім беретін мектебінің білім беру ұйымы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің тәрбиелік және білім беру міндеттерін іске асырады. Мектеп үш түрлі құндылыққа бағдарланады және сүйенеді: тұлғалық даму, мәдени мұра, әлеуметтік ықпалдастық. Мерей жалпы орта білім беретін мектебінің білім беру жүйесі

- Білім алушылардың тұлғалық әлеуетін барынша іске асыруға жағдай жасай отырып, білім беру ресурстары мен қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге;
- Мемлекеттің, әлеуметтік ортаның және білім алушылардың сұраныстарын мұқият елеуге;
- Білім саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдылықтарын іске асыруды қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік, қоғамдық және жекеменшік сектордағы әріптестермен ашық ынтымақтасуға;
- Білім жүйесінің қаржы материалдық ресурстарын тиімді қолдануды, мектептің білім беру кеңестігін оңтайлы ұйымдастыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Мектептің мақсаттары мен міндеттері:

- Шағын әлеуметтік ортаның білімге деген сұраныстарын қамтамасыз ету;
- Осы сұраныстарды зерделеу, талдау және оларды қанағаттандыру мүмкіндіктері;
- Шағын ортаның білімге деген жоғары сұраныстарын қанағаттандыру. Мектеп бәсекеге қабілетті әрі беделді болуы тиіс, ал бұл тек үздіксіз даму және үдемелі технологияларды, әдістемелерді шығармашылық тұрғыда іздеудің, кәсіпқойлықтың педагогикалық және басқарушылық деңгейде өсу режимінде ғана мүмкін;
- Сыныптан тыс сала спектрінде әртүрлі қызметтерді қамтамасыз еті: үйірме, спорттық, музыкалық-эстетикалық, білім алушылардың дамуына мол мүмкіндіктер беру;
- Мектептік педагогикалық кеңістіктің барлық деңгейінде мейірімділік, сенім, ынтымақтастық, жауапкершілік ортасында алға қойылған міндеттерді шешу.

Мектеп қызметінің аясында Бағдарламаны іске асыру барысында мектеп үлгісін дамыту тұспалданады, ол өнімді оқу және тәрбие үдерісінің мәнін, мазмұнын, ұйымдастырылуын, сондай-ақ шарттары мен факторларын жан-жақты ескереді.

Бағдарлама балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайтуды, сондай-ақ оқу-тәрбие үдерісінің барысында олардың үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған біртұтас жүйе түріндегі белгілі тұжырымдамадан тұрады.

Келесі бағыттар бойынша педагогикалық әсер ету шараларының кешенін білдіреді:

- Білім беру қызметін жүзеге асыру;
- Сыныптан тыс және ойын-сауық жұмысын ұйымдастыру;
- Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру;
- Ақпараттық-ағартушылық жұмыс;
- Әлеуметтік бағыттағы жұмыс;
- Спорттық-сауықтыру жұмысы;
- Медициналық-профилактикалық жұмыс. Балалар мен жасөспірімдердің есеуі мен үнемі өзгеріп тұратын әлеуметтік орта жағдайын ескере отырып, барлық жас ерекшелігі топтарымен жұмыс мазмұнын жыл сайын жаңартып отыруға мүмкіндік беретін шоғырлас қағидат бойынша құрылған.

МЕКТЕПТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫНА ТАЛДАУ

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Мерей ауылы, жалпы орта білім беретін Мерей мектебі қазақ тілінде оқытатын білім мекемесі.

1. Құрылған жылы: 1977 ж.
2. Тіркелу туралы куәлік (алынған уақыты, тіркеу нөмірі): БИН970940000865 05.10.2018
3. Білім беруіне құқық беретін ЛИЦЕНЗИЯСЫ: К385ЛАА00013027
4. Білім беру үрдісінде жабдықталуы және материал: Білім беру мекемесінің толық атауы: Мерей жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
- 4.1. Құрылысының түрі: типтік
- 4.2. Мекен-жайы: ҚР, БҚО, Тасқала ауданы, Мерей ауылы
- 4.3. Жалпы көлемі, орын саны: 3004 ш.м 624 орын саны
- 4.4. Құрылтайшының атауы: БҚО, Тасқала аудандық әкімдігі
- 4.5. Жерінің аумағы: 3004 ш.м.
- 4.6. Байланыс телефоны: 87113929644
- 4.7. Оқыту тілі: қазақ тілі

Мерей жалпы орта білім беретін мектебі 1977 жылы пайдалануға берілген. Заңды тұлға ретінде мектептің толық атауы « ҚР Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігі Тасқала ауданының білім беру бөлімінің Мерей жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі». Мекен – жайы: Тасқала ауданы, Мерей ауылдық округі, Мерей ауылы. Мектептің заңды тұлға ретінде ҚР Елтаңбасы мен өз атауы жазылған мөрі және бұрыштамасы бар. Мектеп өз қызметін білім алушыларға ҚР «Білім туралы» Заңына, жалпы орта білім беретін ұйымдар туралы Ережеге және мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырады. Мектепте оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Соңғы үш оқу жылдарының педагогикалық кеңес жұмысына сараптама жүргізіліп, анықталғаны: педкеңестер жоспарлары бекітілген, барлығының тақырыптары белгіленген. Өткен педкеңестің қаулысының орындалуы міндетті түрде талданып, нақты шешімдер қабылданған. Әр оқу жылының басында өткен жылы жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарына талдау, жаңа оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысы жоспарын бекіту, алда тұрған міндеттерді айқындау, мектеп оқушыларының жалпыға міндетті біліммен қамтылуы, тоқсандық,

жартыжылдық, жылдық білім сапасы туралы мәлімет, жүргізілген әдістемелік, тәрбие жұмыстарының есебі, ҰБТ, ОЖСБ-ға дайындық жұмыстары туралы мәселелер қаралған.

Сонымен қатар Мемлекеттік стандарт талаптарының орындалуы, пән бойынша оқушылардың функционадық сауаттылығын арттыру, жаңа технологияларды күнделікті сабақта қолданудың тиімді әдістері талқыланған. Сонымен қатар оқу жылы аяғында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы, аралық, қорытынды аттестаттау жұмыстарын ұйымдастыру, жазғы демалыс, т.б. мәселелер жан-жақты талданған. Күн тәртібіне қойылған мәселелерді талдау SWOT әдісімен, таныстырылымдар арқылы жүзеге асырылған.

Соңғы 3 жылғы білім алушылардың контингентіне тоқталсақ:

Сыныптар	2018-2019 оқу жылы		2019-2020 оқу жылы		2020-2021 оқу жылы	
	<i>Сынып комплектісі</i>	<i>Оқушы саны</i>	<i>Сынып комплектісі</i>	<i>Оқушы саны</i>	<i>Сынып комплектісі</i>	<i>Оқушы саны</i>
1-4	4	59	4	53	6	79
5-9	5	63	5	69	5	75
10-11	2	14	2	17	2	20
Барлығы	11	136	11+1МАД	139+16	13+1 МАД	174+9

Білім сапасы

2018-2019 оқу жылында – 58,2%,

2019 -2020 оқу жылында -58,2%

**Мерей жалпы орта білім беретін мектебінің
Білім беру жүйесінің жұмысын талдау
2020-2025жылдарға арналған SWOT-талдау**

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
- Педагогтардың кәсіптік деңгейі (ұстаздардың 64 % жоғары және бірінші санатты(зерттеуші және сарапшы)); - Педагогтардың өнімді орташа жасы – 42 жас;	- Оқушылар контингенттінің аздығы (624 жобалау қуаттылығында 174 бала оқиды,бәсекелестіктің болмауы); - Мектептің әлсіз материалдық техникалық базасы;

- 12 педагог біліктілікті арттырудың деңгейлік курсынан өтті; Мектептің қалыптасқан дәстүрлері; - Мектептің жағымды беделі; - Мектептің мәртебесі; - Мектептің орналасқан жері: қосымша білім беру орталықтарына, жоғары оқу орындарына жақын орналасуы	- Оқу жоспарының вариативтік компонентін сапалы қамтамасыз етуге қажетті кабинет ресурстарының жетіспеуі; - Мектеп компьютерлерінің тез ескіруі; - Дене шынықтыру бойынша оқу жүктемесі өсуіне қарамастан бір спорт залының болуы; - Ұстаздардың белгілі педагогикалық ойдың ескі таптаурындарын ұстанады;
Мүмкіндіктері	Қауіп
- Іс-қимылмен зерттеу барысында ұстаздардың кәсіптік дамуы; - Көшбасшылық және басқару аспектілерінің дамуы; - Жоғары оқу орны оқытушыларымен ынтымақтастықты қамтамасыз ету; - Мектеп мәселелерін шешуге ата-аналар қоғамын тарту	- Кадрлық өзгерістер; - Оқушылар контингентінің аздығы

2020-2025 жылдарға арналған PEST-талдау

«+» Орын алған факторлар	«-» Орын алған факторлар
Әлеуметтік орта	
1. Мектеп әлеуметтік ортадағы жоғары рейтингі	1. Оқушылардың элиталы білім беретін БҰ-ға кетуі (лицейлер мен гимназияларға.)
2. Сапалы білімнің білім алушылар, қоршаған әлеуметтік орта арасындағы беделі	
Технологиялар	
1. Алуан түрлі заманауи білім беру және ақпараттық технологиялар	1. ОТҰ технологиясы өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі адами фактордың рөлін төмендетеді
2. Ақпарат пен қарым-қатынас дамыту, әлемдік ақпараттық кеңістікті құру және білім берудегі оның рөлін күшейту	2. Балалар мен жасөспірімдердің құнды бағдарларын қалыптастырудағы заманауи ақпараттық арналардың кері әсері (Интернет, әлеуметтік желілер)
Дәстүрлер	
1. Білім алушыларды тәрбиелеудегі дәстүрдің рөлі, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету	1. Дәстүрлерге беріктік білім беру үдерісі мүшелерінің инновацияларға дайындығына кері әсер етеді, мектепті жаңғырту үдерісін кешеуілдетеді

P/c №	Атауы	Өлше м бірлігі	Аяқтал у нысаны	Орында у мерзімі	Орындауға жауаптылар	Оның ішінде жылдар бойынша (млн. теңге)							Қар жыл андыру көздері	Бюджеттік бағдарлама коды
						2020	2021	2022	2023	2024	2025	Барлығы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
1-мақсат:Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту														
2.	2-нысаналы индикатор. 15 жастағы қазақстандық оқушылардың PISA (ЭБДҰ)халықаралық зерттеуіндегі нәтижелері	балл			ЖАО, БҒМ			PISA-2021: математика – 470, жаратылыстану –465, оқу – 440			PISA-2024: математика – 480, жаратылыстану –490, оқу – 450			
1.PISA (ЭБДҰ)халықаралық зерттеуге әзірлеу мақсатында жоспар құру 2.Дарынды балалар бағдарламасын енгізу.														
1-міндет: Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту														

2.	2-нәтиже көрсеткіші. Орта білім беру ұйымдары педагогтерінің жалпы санындағы педагог-шебердің, педагог - зерттеушінің, педагог-сарапшының және педагог-модератордың біліктілік деңгейі бар педагогтердің үлесі	%			ЖАО, БҒМ	50	60	70	75	80	85			
Қазіргі жағдай:1. ЖОББ Мерей мектебінде 34 педагог жұмыс істейді, соның ішінде педагог-шебердің, педагог - зерттеушінің, педагог-сарапшының және педагог-модератордың біліктілік деңгейі барлары – 25 (74 %) 2.Мектептің педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарларын әзірлеу														
						79	84	89	91	93	95			
Іс-шаралар														
1.	Әр өңірде пән мұғалімдерінің қауымдастығын құру		БҒМ-ға ақпарат	2020 ж 1-жартыжылдығы	ЖАО	талап етілмейді 1.2020 II жартыжылдығынан пән мұғалімдерінің қауымдастығына кіретін ұстаздардың санын көбейту , жыл сайын конференциялар мен шеберлік сыныптарды өткізу 2.Мектеп педагогтерінің оң тәжірибесін қолдау,дамыту және ықпалдастыру жүйесін құру 3.Педагогикалық ұжымды ақпараттық технологияларға оқыту үшін семинарлар ұйымдастыру 4.Мектептің педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарларын әзірлеу								

2.	Пән мұғалімдерінің форумын өткізу		ұсынымдар	2020-2025 жж 1-жартыжылдығы	БҒМ, ЖАО	талап етілмейді 1.Әр жылдың ақпан айында үздік пән мұғалімдерінің слетін өткізу 2.Педагогикалық қызмет нәтижелері бойынша педагогтерді ынталандыру туралы Ереже әзірлеу 3.Әр түрлі деңгейдегі ведомствалық марапаттарға ұсыну үшін педагогтардың марапаттау базасын жинақтау								
3.	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын өткізу, оның ішінде ШЖМ жағдайында және онлайн өткізу	млн. тг.	біліктілікті арттыру курстары	2020-2025 жж желтоқсаны	БҒМ, ЖАО	2	4	6	10	6	6	34		
1.Мектептің даму бағыттарына сәйкес әдістемелік бірлестіктердің жұмыстарын жандандыру 2. 3.Педагогикалық ұжымды ақпараттық технологияларға оқыту үшін семинарлар ұйымдастыру														
1.2-міндет: Қалалық және ауылдық мектептердің, өңірлердің, оқу орындарының, білім алушылардың арасындағы білім сапасындағы алшақтықты қысқарту														
1.	1-нәтиже көрсеткіші. ЭЫДҰ және IEA қала/ауыл арасындағы жүргізген халықаралық зерттеулердегі қазақстандық оқушылар нәтижелерінің алшақтығы	балл			БҒМ, ЖАО	TIMSS -2019 математика – 4-сынып –25; 8 -сынып –30; жаратылыстану – 4-сынып –27; 8-сынып –33.		PISA-2021 математика – 18; оқу-22; жаратылыстану - 15. PIRLS-2021 оқу-5.		TIMSS -2023 математика – 4 сынып-15; 8-сынып-17; жаратылыстану – 4-сынып –12; 8-сынып –18.	PISA-2024 Математика – 13; оқу – 15; жаратылыстану – 9.			
1.Математика және жаратылыстану пәндері бойынша оқушылардың білім сапасын арттыру жоспарларын құру 2.Оқушыларды халықаралық зерттеулерге қатыстыру 3.Білім сапасын арттыру бойынша кешенді бағдарламалар әзірлеу														

	мұғалім» пилоттық жобасын енгізу мәселесін пысықтау (шағын жинақты, ауылдық мектептерде оқыту сапасын арттыру және қолдау)		ке ұсыны с	жылғы желтоқс ан	ЖАО	<i>1.Аудандық «Мобильді мұғалім» пилоттық жобасына ұстаздарды тарту</i>
--	--	--	------------------	------------------------	-----	--

6.	«Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру		БҒМ-ға ақпарат	2020-2025 жылдардың желтоқсаны	ЖАО	жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1.ЖОББ Мерей мектебінде «Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру мақсатында жаспарын құру, жыл сайығы аудандық дебат клубтарының арасындағы байқауға қатысуын қамтамасыз ету 2.Оқушыларды шешендік өнерге баулу мақсатында «Шешендік өнер»факультатив сабақтарын ұйымдастыру.
7.	«Балалар және театр» ағартушылық жобасын іске асыру		БҒМ-ға ақпарат	2020-2025 жж желтоқсаны	ЖАО	жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1.ЖОББ Мерей мектебінде «Балалар және театр» ағартушылық жобасын іске асыру мақсатында жоспар құру, аудандық «Балөнер театр», «Балбөбек театр» байқауларға қатысуын қамтамасыз ету 2.Бастауыш сыныптарға арналған «Драма» үйірмесінің жұмысын жандандыру 3.Оқушыларға арналған әр бағыттағы студиялар жұмысын ұйымдастыру
8.	Балалардың «Қоғамға қызмет» әлеуметтік волонтерлік жобасын іске асыру		БҒМ-ға ақпарат	2020 жылғы желтоқсан	ЖАО	талап етілмейді 1.ЖОББ Мерей мектебінде «Қоғамға қызмет» әлеуметтік волонтерлік жобасын іске асыру мақсатында жоспар құру, мектепте волонтерлер топтарын жасақтау 2. Қарт адамдарға үздіксіз көмек көрсету, үлкендерді құрметтеу және оқушылардың қамқорлық пен жаңашырлық сезімдерін ойлау арқылы дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу, үлкен жалғыз басты адамдарға барып дәстүрлі түрде көмек көрсету мақсатында ЖОББ Мерей мектебінде қоғамдағы әлеуметтік еріктілер жобасы бойынша «Үлкендер жолы ұлылық ұрпағы жүрер ұғынып »атты жоба ұйымдастыру 3. Көмекке мұқтаж жалғыз басты тұратын ардагер ұстаздарға көмек көрсету барысында оқушылардың қамқорлық қасиеттерін дамыту мақсатында ЖОББ Мерей мектебінде Қоғамдағы әлеуметтік еріктілер жобасы бойынша « Ұстаздық- ұлы құрмет » атты әлеуметтік жоба ұйымдастыру және жандандыру 4. Оқушылардың ерекше көмекке мұқтаж адамдарға деген құрметпен қарым-қатынас жасауға, мейірімділікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мұқтаж жандарға қол ұшын беріп көмек көрсету мақсатында ЖОББ Мерей

						<i>мектебінде Қоғамдағы әлеуметтік еріктілер жобасы бойынша « Қайырымдылық жасасаң қайырымын көресің» атты әлеуметтік жоба жасақтау</i>
--	--	--	--	--	--	---

	консультациялық көмек көрсету бойынша баланы қабылдаушы ата-аналар мектептерін дамыту					<i>атты ашық хат жазу, «Менің құқығым» тақырыбында бейнероликтер түсіру. Мектепке «Жасөспірім және заң» атты стенд жасақтау</i>
10.	Балалар құқықтары бойынша бейнероликтер, иллюстрацияланған альбомдар, журналдар, ашық хаттар, кітаптар, (суретшілердің балалар туралы картиналары, табысты тәрбиеленушілер және т.б.) әзірлеу және шығару		БҒМ-ға ақпарат	2020-2025 жылдардың желтоқсаны		жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1.ЖОББ Мерей мектебінде жыл сайын мектепшілік балалар құқықтары бойынша үздік бейнероликтер, иллюстрацияланған альбомдар, открыткалар байқауын өткізу
11.	Қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, «тәуекел тобындағы» балаларға, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған жазғы лагерьлердің тақырыптық ауысымын ұйымдастыру		БҒМ-ға ақпарат	2020-2025 жылдардың желтоқсаны	ЖАО	жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1.ЖОББ Мерей мектебінің жанындағы лагерлерде қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, «тәуекел тобындағы» балаларға, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған жазғы лагерьлердің тақырыптық ауысымын ұйымдастыру 2. . «Қарым-қатынас» тренингі, «Менің отбасым» жобалық әдістеме жұмыстарын жүргізу, «Менің жылы жанұям» сынды отбасымен қарым-қатынасты нығайтатын шаралар өткізу, девиантты мінез-құлық балаларының деңгейіне қарай түрлі қызықты тапсырмалар жасақтау.
12.	Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарының тәрбиенушілері		БҒМ-ға ақпарат	2020-2025 жылдардың	ЖАО	жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1. ЖОББ Мерей мектебінің жанындағы интернат тәрбиенушілері мен оқушылары үшін жайлы жағдай жасау жоспарын жасақтау, бюджеттік сұраныстар әзірлеу

	мен оқушылары үшін жайлы жағдай жасау, оның ішінде бейнебақылау жүйелерімен, жеке шкафтармен жарақтандыру, сондай-ақ сапалы тасымалдаумен, ауызсумен қамтамасыз ету және санитариялық және гигиеналық жағдай жасау			желтоқсаны		2.Оқушыларды жеке шкафтармен жарақтандыруға байланысты бюджеттік ұсынымдар әзірлеу 3.Мерей ЖОББ мектебінің жанындағы интернаттың материалдық жағдайын жақсарту бағытындағы іс- шараларды жүзеге асыру 4.Күрделі жөндеу кезінде оқушыларға санитарлық және гигиеналық барлық жағдайлардың жасалуын қадағалау(екінші қабаттағы әжетхан құрылысы,барлық сыныптарға орталықтандырған қолжұзғыштардың орналастырылуы)
13.	Мектептегі тамақтануды ұйымдастыру кезінде қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға кезең-кезеңімен көшу		БҒМ-ға ақпарат	2020 жылғы желтоқсан	ЖАО	жергілікті бюджет қаражаты есебінен ЖОББ Мерей мектебінің жанындағы интернат тәрбиенушілері мен ақылы тамақтануға қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесі енгізілді (Казпошта мекемесі есебінен)
14.	Тамақтану қызметін көрсету сапасын жақсарту және бракераждық комиссиялардың жұмысын күшейту		БҒМ-ға ақпарат	2020 жылдың желтоқсаны	ЖАО	талап етілмейді 1.ЖОББ Мерей мектебінде тамақтану қызметінің сапасын жақсарту және бракераждық комиссиялардың жұмысын күшейту мақсатында жоспарлар құру 2. ЖОББ Мерей мектебінде тамақтану мәдениетінің негізін қалау, оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайту үшін дұрыс тамақтанудың маңыздылығы туралы жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатында мектебімізде, тамақты дайындау және дайын тамақтың сапасын бақылау тәртібіннің орындалуын үнемі бақылау 3.
15.	Балаларды олардың тәрбиесіне және		әдістем	2020 ж желтоқс	БҒМ, ЖАО	талап етілмейді

	рухани дамуына зиян келтіретін ақпарат пен материалдардан қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу және енгізу		елік ұсынымдар БҒМ-ға ақпарат	ан, 2020-2025 жж желтоқсаны		
16.	Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар инклюзивті ортада балаларды сүйемелдеуді қамтамасыз ету бөлігінде мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарына және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу (үлгілік штаттарға педагог-ассистентті қосу)		Үкіметтің қаулысы	2020 жылғы I тоқсан	БҒМ	талап етілмейді ЖОББ Мерей мектебінің штаттық кестесіне логопед лауазымы қосылды.(0,5 жүктеме)
1.4-міндет. Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу						
1.	1-нәтиже көрсеткіші. Орта білім беру сапасын	%			ЖАО, БҒМ	- 20 22 24 26 28

[illegible]

2.	2-нәтиже көрсеткіші. Білім беру мониторингі қорытындылары бойынша бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдары оқушыларының оқу жетістіктерінің нәтижелері	балдар			ЖАО, БҒМ	4-сынып – 18 балл, 9-сынып – 45 балл	4-сынып – 18,6 балл, 9-сынып – 46,5 балл	4-сынып – 19,2 балл, 9-сынып – 48 балл	4-сынып – 19,8 балл, 9-сынып – 49,5 балл	4-сынып – 20,4 балл, 9-сынып – 51 балл	4-сынып – 21 балл, 9-сынып – 52,5 балл			
1.5-міндет Экономика қажеттіліктеріне және өңірлік ерекшеліктерге сәйкес білім берумен кәсіптік даярлаудың сабақтастығын, үздіксіздігін қамтамасыз ету														
1.5.1. Өмір бойы білім алу қағидаты негізінде мектепке дейінгі білім беруден жоғары оқу орнынан кейінгі білімге дейінгі білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету														
1.	1-нәтиже көрсеткіші. Мектепте білім алу үшін мектепалды жасындағы балалардың дайындық деңгейі	%			ЖАО, БҒМ	81,1	82,5	84,5	86	94,7	95			
Қазіргі жағдай: 5-6 жас аралығындағы бала саны-34 , солардың ішінде балалардың біліктілік пен дағдыларының индикаторлар жүйесіне сәйкес жоғары және орташа дайындық деңгейінде – (90,6%)														
						90,6	91,7	93,8	94,9	95	95			
Іс-шаралар														
17.	Мектептердің дайындығын, ата-аналар мен оқушылардың тілектерін ескере		БҒМ-ға ақпарат	2020-2025 жылдардың тамызы	ЖАО	жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1.Бүгінгі таңда жекеленген пәндерді ағылшын тілінде жүргізу енгізілген(биология,физика,информатика) 2.Ағылшын тілін үйрену үшін еріктілер есебінен курстар ұйымдастыру								

	отырып, мектептерде үш тілде оқытуды кезең-кезеңімен енгізу													
18.	Гуманитарлық пәндерді тереңдетіп оқытатын Абай мектептері мен мектеп-интернаттарының желісін құру		БҒМ-ға ақпарат	2020-2025 жылдардың тамызы	ЖАО, БҒМ	жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1.ЖОББ Мерей мектебінде қазақ тілі мен әдебиет пәні бойынша тереңдетілген сыныптар ашу 2.Мектепшілік Абай оқуларын ұйымдастыру								
19.	Жазғы айларда мектепалды даярлықты күшейту		БҒМ-ға ақпарат	2020-2025 жж қыркүйегі	ЖАО	жергілікті бюджет қаражаты есебінен Жыл сайын тамыз айында бірінші сыныптарға арналған Жазғы мектеп жұмысын жандандыру								
20.	Орта білім берудің жаңартылған мазмұнына көшуді аяқтау		БҒМ-ға ақпарат	2020 ж желтоқсан	ЖАО	жергілікті бюджет қаражаты есебінен Барлық сыныптар орта білім берудің жаңартылған мазмұнына көшті								
21.	12 жылдық орта білім беруге кезең-кезеңімен көшу бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу		МЖМ БС, үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары	2020-2023 жылдардың желтоқсаны	БҒМ, ЖАО	талап етілмейді								
1.6-міндет: Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету														
1.	1-нәтиже көрсеткіші. «Жас қыран» қозғалысына	%			ЖАО	62	64	66	68	70	72			

Іс-шаралар						
22.	Білім беру ұйымдарында әскери-патриоттық клубтардың рөлін күшейту		БҒМ-ға ақпарат	2020 - 2025 жж қарашасы	ЖАО	талап етілмейді 1.ЖОББ Мерей мектебінде әскери-патриоттық клуб ашу, клубтың қызметін ұйымдастыру үшін жыл сайын клуб белсенділерінің форумына, аудандық байқауына қатысуын қамтамасыз ету 2. ЖОББ Мерей мектебінде «Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі балалар өкілдіктері» балалар қозғалысын құру және дамыту 3. ЖОББ Мерей мектебінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектепшілік клубының жұмысын жетілдіру
23.	Орта және ТжКБ ұйымдарында «Жастар мен жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлқын қорғау», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жобаларын, «Менің болашақ отбасым» тақырыбында өңірлік эссе конкурстарын енгізу		БҒМ-ға ақпарат	2020-2025 жылдардың желтоқсаны	ЖАО, БҒМ	талап етілмейді 1.ЖОББ Мерей мектебінде «Жастар мен жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлқын қорғау», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жобаларын ендіру, «Менің болашақ отбасым» тақырыбында мектепшілік эссе конкурсын өткізу, жыл сайын ата-аналар қоғамдастығымен форумдар мен кездесулерді ұйымдастыру 2. ЖОББ Мерей мектебінде жанұядағы тәрбиелік қасиет-қабілеттерін кеңейту және қалыптастыру, үлгі болатын жағымды отбасылық тәрбиені үгіттеу мақсатында «Мейірімді жүрек» мектепшілік аналар кеңесін жандандыру.
24.	Орта және ТжКБ ұйымдарында «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын		Әдісте мелік ұсынымдар	2020 ж желтоқсан – әдістемелік	БҒМ	талап етілмейді 1.ЖОББ Мерей мектебінде мектеп пен ата-аналардың байланысын нығайту мақсатында жұмысты жандандыру

	іске асыру арқылы мектептің, колледждің және ата-аналардың өзара іс-қимылының жаңа форматын енгізу		БҒМ-ға акпара т	ұсыным дар әзірлеу 2021- 2025 жж желтоқс аны – енгізу	ЖАО	<i>2..Кәсіптік бағдар беру мақсатында ата-аналарды колледждердің, жоғары оқу орындарының базасымен таныстыру. «Ашық есік» күніне қатыстыру.</i> <i>3.Отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттырып, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы ролін арттыру мақсатында «Әкелер кеңесін» жүйелі жүргізу.</i>
25.	Білім беру ұйымдарында әскери-патриоттық клубтардың ролін күшейту		БҒМ-ға акпара т	2020 - 2025 жж қарашас ы	ЖАО	талап етілмейді <i>1.ЖОББ Мерей мектебінде әскери-патриоттық клубтың жұмыс жоспарын жүйелеп ,жұмысын жандандыру, конкурстар өткізу, іздестіру отрядтарына оқушыларды көптеп тарту, зерттеу экспедицияларын жүргізу</i> <i>2.Өскелең ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беру, оларға Отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту мақсатында «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық клубының жұмысын арыттыру</i> <i>3. Жолда жүру ережелерін сақтауға саналы тәрбиелеу, жолда жүру ережелері және жол белгілері туралы білімдерін кеңейту, ойындық тапсырмалар арқылы қабілеттерін зерделеу мақсатында Жол қозғалысының жас инспектор клубына оқушыларды көптеп тарту</i>
26.	Орта білім беру ұйымдарында бұқаралық спорт түрлерін, оның ішінде ұлттық		БҒМ-ға акпара т	2020- 2025 жылдард ың қарашас	ЖАО	жергілікті бюджет қаражаты есебінен <i>1.ЖОББ Мерей мектебінде спорттық секциялар санын көбейту, әр тоқсан сайын Денсаулық күнін өткізу, жыл сайын Ең спорттық сынып байқауларын өткізу</i> <i>2. ЖОББ Мерей мектебінде ұлттық спорт ойындарын насихаттай отырып,</i>

	спорт лигаларын дамыту			ы		тоғыз құмалақ, асық ату, арқан тартыс, қазақша күрес үздіктерін анықтау								
27.	Мектептердің спорттық мүкәммалын жаңарту		БҒМ-ға ақпарат	2020-2025 жж қарашасы	ЖАО	жергілікті бюджет қаражаты есебінен Бюджеттік сұраныстар әзірлеу								
28.	Орта білім беру ұйымдары оқушыларының экологиялық тәрбиесі, қоршаған ортаға ұқыпты қарауы, қаржылық және кәсіпкерлік дағдыларын дарыту жөнінде шаралар кешенін қабылдау		БҒМ-ға ақпарат	2020-2025 жылдардың қарашасы	ЖАО	талап етілмейді 1.ЖОББ Мерей мектебінде сенбіліктер мен акцияларды ұйымдастыру, үздік бизнес-жоба байқауын өткізу,экосағаттар өткізу,Бизнес және кәсіпкерлік курстарын енгізу 2. ЖОББ Мерей мектебінде оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі кезеңдеріндегі оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін ескере отырып, мектепте экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің интеграцияланған жүйесін қалыптастыру. «Адамзаттың экологиялық мәселелері» атты барлық сыныптарда сынып сағаттары жүйелі түрде ұйымдастыру. 3.Дәстүрлі түрде «Туған жеріңді танып біл» атты веложорық ұйымдастыру								
1.7-міндет: Білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру														
1.	1-нәтиже көрсеткіші. Күндізгі мемлекеттік мектептердің жалпы санындағы авариялық жағдайдағы мектептердің үлесі	%			ЖАО	0,4	0,3	0,2	0,2	0,1	0,05			
Қазіргі жағдай: ЖОББ Мерей мектебін, авариялық жағдайдағы мектептер санатында жоқ,күрделі жөндеуге арналған ЖСҚ жасақталуда 2021 жылы күрделі жөндеу күтілуде														
3.	3-нәтиже көрсеткіші. Орта білім беру ұйымдарында	%			ЖАО, БҒМ	33,8	37	40	42	44	45,5			

	қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандырылған оқу кабинеттерінің олардың жалпы санындағы үлесі													
Қазіргі жағдай: ЖОББ Мерей мектебінде 24 оқу кабинеттері бар, солардың қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандырылған (3)кабинет Жарамсыз деп танылған оқу кабинеттерінің орнына бюджеттік сұраныстар әзірлеу. IT кабинет ашу														
						12,5	12,5	14,4	16,8	20	25			
Іс-шаралар														
1.7.1 Авариялық және үш ауысымды мектептерді қысқарту, сондай-ақ оқушы орындарының тапшылығын төмендету														
									67 510	68 099	73 792	209 401	РБ	
29.	Балаларды тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік паркін жаңарту, толықтыру, оның ішінде МЖӘ арқылы орындау		БҒМ-ғаақпарат	2020-2025 жылдардың желтоқсаны	ЖАО	жергілікті бюджет қаражаты есебінен ЖОББ Мерей мектебінің жанындағы интернат тәрбиеленушілерін тасымалдау үшін мектеп автокөлігін жаңалау -2022 жыл								
30.	«Қауіпсіз мектеп автобусы» республикалық акциясын өткізу (жыл сайын)		БҒМ-ғаақпарат	2020-2025 жж желтоқсаны	ЖАО	талап етілмейді Дәстүрлі түрде «Қауіпсіз мектеп автобусы» республикалық акциясының мектепшілік кезеңін өткізу								
31.	Білім беру ұйымдарындағы интернаттарды жаңғырту, оларда болу жағдайларын жақсарту, оның ішінде МЖӘ тетіктері есебінен орындау		БҒМ-ғаақпарат	2020-2025 жылдардың желтоқсаны	ЖАО	жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1. ЖОББ Мерей мектебінің жанындағы интернат тәрбиеленушілері мен оқушылары үшін жайлы жағдай жасау жоспарын жасақтау,бюджеттік сұраныстар әзірлеу 2.Оқушыларды жеке шкафтармен жарақтандыруға байланысты бюджеттік ұсынымдар әзірлеу 3.Мерей ЖОББ мектебінің жанындағы интернаттың материалдық жағдайын жақсарту бағытындағы іс- шараларды жүзеге асыру								

						4.Күрделі жөндеу кезінде оқушыларға санитарлық және гигиеналық барлық жағдайлардың жасалуын қадағалау(екінші қабаттағы әжсетхан құрылысы,барлық сыныптарға орталықтандырған қолжұзғыштардың орналастырылуы)								
32.	Мектептерді пәндік кабинеттермен, оның ішінде STEM кабинеттерімен жарақтандыру		БҒМ-ға ақпарат	2020-2025 жж желтоқсаны	ЖАО	жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1.Аудандық білім беру бөліміне бюджеттік сұраныс беру - 2022 жыл								
33.	Ауылдық мектептерді компьютерлермен, принтерлермен, деректерді өңдеу орталықтарымен жарақтандыру, оның ішінде «Орта білім беруді жаңғырту» жобасы шеңберінде жарақтандыру	млн.тг	Дүние жүзілік банктің ЖБТ есебі	2020-2025 жылдардың желтоқсаны	БҒМ, ЖАО		38 325	38 141	32 933	32 933	32 933	175 265	ДБ РБ	
1.8-міндет: Білім беруді басқару және қаржыландыру жүйесінің вертикалін енгізу														
1.8.1 Барлық деңгейдегі білім беру саласын басқаруды жаңғырту														
Іс-шаралар														
34.	Білім берудің барлық деңгейлерінде өз саласындағы көшбасшылар қатарынан қызметкерлер мен басқарушылардың кадрлық резервін қалыптастыру		кадрлық резерв бойынша деректер қоры	2020-2025 жылдардың желтоқсаны	БҒМ, ЖАО, ЖОО(келісу бойынша, «НЗМ» АҚ, «Өрлеу» БАҰО» (келісу бойынша)	талап етілмейді ЖОББ Мерей мектебінде басқарушылардың кадрлық резервін қалыптастыру және үнемі жаңарту								

35.	Білім беру ұйымдарында алқалы басқару органдарының сапалық құрамын жақсартуға баса назар аударатырып, олардың жұмыс істеуі		БҒМ-ға ақпарат	2020-2025 жылдардың желтоқсаны	ЖАО, БҒМ, ЖОО (келісу бойынша)	талап етілмейді ЖОББ Мерей мектебінде Қамқоршылық кеңестің рөлін күшейту
36.	Орта білім беру ұйымдарына балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру		БҒМ-ға ақпарат	2020-2025 жылдардың желтоқсаны	ЖАО	жергілікті бюджет қаражаты есебінен ЖОББ Мерей мектебінде 2020 жылы мектепке қабылдау мемлекеттік қызметті толық автоматтандырылды
37.	Ата-аналардың, қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен «Мектеп өмірінің бір күні» жобасын іске асыру		БҒМ-ға ақпарат	2020-2025 жылдардың желтоқсаны	ЖАО	талап етілмейді 1.ЖОББ Мерей мектебінде жыл сайын «Мектеп өмірінің бір күні» тақырыбында мектепшілік үздік жоба байқауын өткізу 2. . Іскерлік ортада белсенділігін арттыру, қыз келіншектерді мүмкіндігінше кәсіпкерлікке тарту, қабілеттілігін арттыру мақсатында «Мастер класс», аз қамтылған отбасылар балаларына көмек акциясын қолдау 3.